Аннотация. В статье рассматриваются некоторые аспекты истории молодежного движения в Казахстане начала XX в., его роль в национально-освободительном

движении и влияние на социально-политическую жизнь общества. В исследовании использованы материалы газет «Сарыарқа», «Жас Азамат», журнала «Абай», архивные документы и научные труды. На основе исторических источников автор анализирует деятельность таких молодежных организаций, как «Бірлік», «Жас Азамат», «Жанар» и других, созданных после Февральской революции (1917), и раскрывает их культурно-просветительские и политические цели. Особое внимание уделено влиянию Февральской революции и Октябрьского переворота (1917) на идеологическую эволюцию молодежного движения, а также его связи с партией «Алаш» и ее лидерами.

На I Всеказахском съезде молодежи, прошедшем в Омске в 1918 г., продвигались идеи национального единства и автономии. Однако репрессии режима Колчака в 1919 г., политические разногласия и противостояние между большевиками и лидерами Алаш привели к ослаблению молодежного движения.

Результаты исследования показывают, что молодежные организации сыграли решающую роль в укреплении национальной идентичности, развитии системы образования и формировании политического сознания молодежи. Их деятельность стала важным этапом на пути восстановления казахской государственности.

Ключевые слова: молодежное движение, Алаш, национальное возрождение, просветительство, Казахстан

Selected Episodes from the History of the Youth Movement in Kazakhstan (Early 20th Century)

*Nurbek U. Shayakhmet*¹

¹Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, Head of the Center for Scientific and Applied Research, Doctor of Historical Sciences, nurbek_sh@mail.ru

Abstract. The article examines certain aspects of the youth movement's history in early 20th-century Kazakhstan, its role in the national liberation movement, and its impact on the socio-political life of society. The study draws on materials from newspapers «Saryarqa» and «Zhas Azamat», the journal «Abai», archival documents, and scholarly works. Based on historical sources, the author analyzes the activities of youth organizations such as «Birlik», «Zhas Azamat», «Zhanar», and others, established after the February Revolution (1917), and explores their cultural, educational, and political objectives. Special attention is given to the influence of the February Revolution and the October Coup (1917) on the ideological evolution of the youth movement, as well as its ties to the Alash party and its leaders.

The First All-Kazakh Youth Congress, held in Omsk in 1918, promoted ideas of national unity and autonomy. However, the repressions under Kolchak's regime in 1919, political disagreements, and the confrontation between the Bolsheviks and the Alash leaders led to the weakening of the youth movement.

The findings demonstrate that youth organizations played a decisive role in strengthening national identity, advancing the education system, and shaping the political conscious-

ness of young people. Their activities marked a crucial stage in the revival of Kazakh statehood.

Keywords: youth movement, Alash, national revival, enlightenment, Kazakhstan

Кіріспе

XX ғасырдың басында Қазақстанда жастардың әлеуметтік-саяси өмірге белсенді араласуы мен ұлттық сананың өсуі байқалды. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін жастар ұйымдары мәдени-ағартушылық қызметін саяси бағытта да белсенділікпен ұштастыра отырып, ұлт-азаттық қозғалыстың ажырамас бөлігіне айналды.

Бұл мақаланың мақсаты – XX ғасыр басында Қазақстандағы жастар қозғалысының даму бағыттарын талдау, оның ұлттық бірегейліктің қалыптасуы мен автономия үшін күрес ісіне қосқан үлесін анықтау. Зерттеуде «Сарыарқа», «Жас Азамат» газеттерінің материалдары, мемлекеттік архив құжаттары және отандық тарихшылардың еңбектері пайдаланылды.

Тақырыптың өзектілігі – жастар ұйымдарының қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуына қосқан үлесін қайта қарауға және олардың ұлттық бірегейліктің заманауи үдерістеріне әсерін ашуға деген қажеттілікпен байланысты.

Негізгі бөлім

XX ғ. басында Қазақстандағы жастар қозғалысы ұлт-азаттық қозғалыстың құрамдас бір бөлігі болды. Өйткені, Қазақстанда Ақпан революциясынан кейінгі ұлт-азаттық қозғалыстың тарихын жастар ұйымдарының қоғамдық-саяси, мәдени-ағартушылық салаларда жүргізген қызметінсіз толыққанды баяндау мүмкін емес.

Осы орайда тарихшы К. Нұрпейісов өзінің еңбегінде: «Ақпан революциясының жеңісінен кейін Қазақстанның 20-ға жуық қалалары мен елді-мекендерінде оқушылардың, ауыл мұғалімдерінің бастарын біріктірген қазақ жастарының ұйымдары пайда болды. Олардың көпшілігі 1917 жылғы көктем мен жаз айларында құрылды», – деп, атап көрсетеді (Нұрпейісов, 1995: 111). Ал, сол тарихи кезеңде жастар қозғалысының жетекшілерінің бірі ретінде танымал болған Смағұл Садуақасовтың баяндауы бойынша Қазақстанның барлық аймағындағы тек қана Алашшыл жастар ұйымдарының ұзын саны 21-ге жеткен (Садвакасов, 1994: 102-103).

Бұл кезеңде жастар ұйымдары негізінен мәдени-ағартушылық бағытта қызмет атқарды. Бұл бағыттың басты роль атқаруы қазақ қоғамының ішкі рухани сұраныстарына байланысты еді. Сонымен бірге, Қазан төңкерісінен кейін қазақ жастарының революцияшыл бағыттағы ұйымдардың пайда болғанын ескерсек, қазақ жастарының санасында зор рухани сілкініс дәуірі болғандығына дәлел бола алады.

Енді, осы жастар қозғалысының өрлеуіне қандай тарихи факторлар себепші болды, соған тоқталатын болсақ, ең алдымен, Ақпан революциясының жеңісінен кейін Уақытша үкіметтің қоғамға демократиялық бостандықтар беруі; екіншіден, отарлық тәуелділікте болып келген жұрттың мәдени-ағарту, саяси-құқықтық еркіндіктерін түсіндіретін ұйымдарға деген қажеттілікті қанағаттандыру үшін жасалған табиғи ұмтылысы болды; үшіншіден, Алаш қайраткерлері тарапынан «Қазақ» газеті арқылы болсын, тікелей ықпал ету арқылы болсын жастарға саяси-рухани тәр-

бие беру талабындағы идеологиялық жұмыстың жемісті нәтижесі еді. Бұл факторлар жастар ұйымдарының жұмысын жандандыруға үлкен демеу болды.

Саяси күрес майданында большевиктер ең алдымен жерге байлаулы шаруалар мен майдандағы солдаттардың мұң-мұқтажын жақтап, солардың қолдауы мен қаруына сүйенсе, қазақ зиялы қауымының көшбасшылары білімді жастардың белсенділігіне, қолдауына иек артты. Халықтың санасына Алаштық – ұлттық идеяны сіңіру мен сан-салалы қоғамдық істерді ілгерілетудің дұрыс жолға қойылуы осы жастар ұйымдарының белсенділігіне тәуелді болып тұрғанын ұлт зиялылары жақсы түсінді. Осы жағдайды «Сарыарқа» газетінің тілімен жеткізетін болсақ «...күс қанатымен ұшады, құйрығымен қонады» дегендей ...алдыңғы оқығандарымыз саяси тендік алуға, жұрттың ноқталы басын босатуға күшін жұмсап жүрсе, кейінгі оқыған жастар шырт ұйқыда жатқан елді оятып, адам болу, ел болуға, тиісті сыбағасына ие болуға түрткілеп, қозғап, жол көрсетіп, жөн сілтеуге» міндетті болды (Сарыарқа, 1919, № 68).

Сондықтан да ұлт зиялыларының рухани сүйеніші, серігі, үміті жастар мен оқушы шәкірттер еді. Осыған байланысты білімді жастар қауымы Алаш лидерлерінің идеологиялық «қаруына» айналды. «Алаш» партиясының жастар арасында жүргізілетін идеялық жұмыстарға үлкен маңыз беруі осы жағдайлармен түсіндірілсе керек (Сармурзин, 1990; Әбжанов, 1992: 22). Ал, Мұхтар Әуезов «Қазақ жастарының ардақты тәрбиешісі» деп Ахмет Байтұрсыновқа баға беріп, Алаш көшбасшыларының жастарды ұйымшылдыққа баулыған, рухани тәрбие берген жұмысына қатысты: «Қазақ жұртының өткен күндеріне көз салғанда, оқыған азаматтарының артынан ерген күндері аз да болса мағыналырақ, тәуір күндерінің бірі деп саналады. ...Патша заманындағы үкіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға сіңірген пікірі әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей, көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді» – дейді (Байтұрсынов, 1991: 17).

Сонымен, біз назарға алып отырған аймақтағы, яғни, Ақмола мен Семей облыстарындағы Ақпан революциясынан кейін жастар ұйымдары қай жерлерде, қандай атаумен, кімдердің ұйытқысымен ашылып, қандай істер тындырғаны жөнінде архив материалдарын, «Сарыарқа», «Жас Азамат» газеттері мен «Абай» журналындағы деректерді негізге алдық.

Жастар ұйымы туралы мәселе көтерілгенде, ең алдымен, Омбы қаласындағы «Бірлік» ұйымы назарға алынады. Бұл ұйымды Омбыдағы оқу орындарында оқитын қазақ шәкірттері 1914 жылы 18 сәуірде құрған. Ұйымның алғашқы жетекшісі болып Ш. Әлжанов сайланады. Ал, 1917–1918 жылдары «Бірлік» ұйымында белсенді қызмет атқарған М. Жұмабаев, М. Саматов, Ә. Байділдин, С. Садуақасов, А. Сейдалин, Қ. Кемеңгеров, Ғ. Тоғжанов және басқа жастар болды (Қойгелдиев, 1993: 47).

Алғашқы құрылған уақытта ұйымның бағдарламасында мәдени-ағартушылық мақсаттары үстем болғанымен: «Қазақ халқын мәдени һәм әдеби жағынан ілгері қатардағы жұрттарға қосу. Бұл айтылған мақсаттарға жету үшін халық әдебиетін жинау, ол әдебиетті кітапша һәм үлкен кітаптар етіп бастыру; театр кітаптарын шығару; газет-журналдар шығару, бастауыш, орта дәрежелі мектептерге кітаптар жазу, школға түсемін деген шәкірттерді даярлайтын курстар ашу, мұқтаж шәкірттерге жәрдем көрсету, концерт һәм басқа ойындар жасап, қазақтың ішінде театр тұрғызу» (Кәкішев, 1976: 45-46) сияқты мақсаттар көзделсе, кейінгі қоғамдағы

саяси өзгерістерге орай, саясат иіріміне тартыла бастады. 1917 жылдың 1-4 қазан аралығында «Бірліктің» кеңейтілген жиылысы өткен. Оған Ақмоладан «Жас қазақ», Көкшетаудан «Жас ұран», Спасскіден «Жас дәурен» және басқа жастар ұйымдарынан шамамен 100-ге жуық өкілдер қатысады. Жиылыс қаулы қабылдап, ұйымның басшылық органын сайлаған. Оның құрамына М. Саматов, А. Сейітов, М. Сейітов, О. Темірбеков, М. Бейсенов, Ә. Байділдин, Д. Әділов, Ғ. Садуақасов (Тоғжанов) және басқа жастар кіреді. Ал, жиналыстың төрағалығы мен «Бірліктің» үні «Балапан» журналының редакторлығына М. Жұмабаев сайланады.

Жиналыс қаулысында: «Жиылыс Орынборда өткен жалпы қазақ съезінің қаулысын қуаттайды... Жиылыс қазақ партиясы «Алашты» заман талабына сай және көздеген мақсатқа тез қол жеткізе алатын партия санайды, сондықтан да оны қолдайды, халық арасында оның пікірлерін таратуды өз міндетіне алады» – деп, саяси платформасының бағытын негіздеген (Қойгелдиев, 1993: 47-48).

Егер де Қазан төңкерісінен кейін Ақмола облысындағы саяси аренада большевиктердің және басқа да саяси партиялар мен ұйымдардың ықпалы мен күші басым болғандығын ескерсек, саяси күрес майданы мен қоғамдық өмірдің басқа да салаларында «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметінің жүргізген іс-шараларының ішінде жүзеге асқаны болса, онда сол жетістіктерге жетуде «Бірлік» ұйымына топтасқан жастар қауымының шешуші роль атқарғандығын баса көрсетуіміз керек. Себебі, Ақмола облысындағы ұлт зиялыларының ішінде басқа аймақтармен салыстырғанда саясат майданында тәжірибесі бар А. Тұрлыбаев, Е. Итпаев, С. Жанайдаров сынды қайраткерлер ғана болатын. Осы ахуалға орай бұл облыстағы негізгі қоғамдық-саяси істердің салмағы жастардың мойнына түсті. Сонымен бірге, Қазан төңкерісінен кейін «Бірлік» ұйымының құрамынан Ә. Досов, Ж. Садуақасов, Х. Жүсіпбеков, Т. Арыстанбеков сияқты мүшелерінің бір тобы бөлініп шығып, «Бірлікке» қарсы идеялық күрес жүргізу үшін өздерінің большевиктік-төңкерісшіл платформадағы «Демократиялық оқушы жастар Кеңесі» атты дербес ұйым құрды. Бұл ұйым социалистік революция үшін және оның жеңістерін баянды ету жолында белсене күресті. Бұл ұйым Омбы жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінен қаржы алып тұрды және сол кезде Ақмоладағы С. Сейфуллин мен омбылық большевик Залман Ловковтың күшті ықпалында болған (Нұрпейісов, 1995: 112). Бұл ұйымның жетекшісі болған Ә. Досовтың «Үш жүз» партиясының хатшылық қызметін атқаруы «Үш жүз» партиясының да белгілі дәрежеде саяси ықпалы болғандығын көрсетеді.

Омбы қаласында жұмыс істеген жастар ұйымдарының тағы бірі – «Тілек» атты ұйым болды. Бұл ұйымның ашылуы турасында «Жас Азамат» газеті мынадай хабар басқан: «Биыл 19 сентябрьде (1918 ж. – авт.) Омбы уезінің мұғалімдері, учительдері, оқушылары бірігіп Омбы уезі атынан Омбыда уезный «Тілек» атты ұйым ашты. Ұйымның мақсаты шамасынан келгенше халықтың ағаруына, ұлттың алға басуына қызмет етпек. «Тілек» ұйымының секретары Ғаббас Тоғжанов» (Жас азамат, 1918, № 12). Бірақ бұл ұйымның атқарған қызметі туралы басқа деректер кездестіре алмадық.

Семей қаласында алдымен ұйымдық жағынан белсенді мұғалімдер біріге бастады. Алаш қаласында 1917 жылы жазда Семей облысындағы мұғалімдерді біріктірген облыстық «Оқытушылар ұйымы» ашылып, мұғалімдер қауымының білім беру

жүйесінде бір жобада болуын көздеген (мектептерге оқу бағдарламаларын, оқулықтар жазу мәселелерімен айналысқан), жоспарлы түрде жұмыстар атқарған. Бұл ұйымның төрағасы М. Тұрғанбаев, хатшылық қызметін әр кезеңдерде М. Әуезов, Қ. Сәтпаев, қазынашысы қызметін К. Дүйсебаев атқарған. «Оқытушылар ұйымын» жастар қауымдастығына жатқызуға келмесе де ұйым мүшелерінің дені жас семинаристер болғандықтан С. Садуақасов өзінің еңбегінде жастар ұйымдарының қатарынан орын береді. Бұл ұйымның білім беру ісін ұйымдастыруда, оқулық бастыру мен оқу бағдарламаларын жасауда маңызды роль атқарғаны белгілі.

Семейде қоғам өміріне белсене араласқан жастар ұйымдарының бірі – 1917 жылы күзде құрылған «Жанар» мәдени-ағартушылық қоғамы болды. «Жанар» ұйымының белсенді мүшелерінің бірінен саналған Ж. Аймауытовтың БМСБ-ның тергеушілеріне берген түсініктемелерінде «Жанар» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыру Кеңесіне М. Тұрғанбаевтың жетекшілік жасағанын, бұл ұйымның «Абай» журналын шығару ісіне ұйытқы болғанын және принциптік мәні бар саяси мәселелерде тек қана Алашорда үкіметінің жолын тұтынғанын мәлімдейді (352 қ. 1 т. (Алматы қ.). 11494 іс. 2 т. 115, 117 п.). Сонымен бірге, бұл ұйымның жұмысына белгілі дәрежеде М. Дулатовтың ықпалы болғандығы белгілі. 1919 ж. ақпанда Семей қаласында осы «Жанар» қоғамының ізбасары ретінде оқушы қазақ жастары «Жеткіншек» атты обласной қазақ оқушыларының ұйымын ашқан (Сарыарқа, 1919, № 77).

Семей уезінің аумағында 1917 жылы мамыр айының соңына қарай Шыңғыста Абай ауылының талапты жастары игілік мақсатпен «Талап» ұйымын құрғандығы туралы «Сарыарқа» газеті хабар жариялаған. Ұйымның төрағалығына М. Абайұлы сайланады. Осы газеттің дерек көздеріне жүгінсек, ұйым құрылған алғашқы уақытта оқу-ағарту жұмыстарын ілгерілету, Құлжадағы аш-жалаңаштарға көмек беру, театр ойындарын ұйымдастыру мақсатын тұтынса, кейін саясат дүниесінің толқындануына байланысты «Алаш» партиясының бағдарламасы негізінде іс-әрекеттер атқарып, тұтынған мақсаттарына саяси пәрмен бере бастады. Және де дерек көздері бұл ұйымның ашылуына мұрындық болып, оның Алаш жолындағы игілікті істеріне ұйытқы болған М. Әуезов екенін көрсетеді.

Ақмола уезінде С. Сейфуллиннің жетекшілігімен «Жас қазақ» атты жастар ұйымы жұмыс жүргізді. Бұл ұйымның ұстанған бағыты мен тұтынған мақсаттарын С. Сейфуллин өзінің еңбегінде анықтап берген болатын: «Жас қазақ» ұйымын ашқанбыз. Ұйымның мақсаты: халық арасында заң, білім тарату, жаңа саясат істеріне қатысу. Қауымың қысқаша жобасы болды. Қауымның басқармасы болды. Төрағасы – С. Сейфуллин, мүшелері: Әділұлы, Айбасұлы, Серікбайұлы, Нұркенұлы. «Жас қазақ» ұйымын ашқан сағаттағы жазылған мүшелерінің саны қырық-елу шамасындай еді. Соңынан одан көбейді. Жобада ұйымның саясаты ретінде, мемлекет құрылысы ретінде қабыл алған жолы мынадай еді: «...«Жас қазақ» Россияның ең дұрыс жобалы төңкерісшіл партиясымен бірге майданға шығады. Он соң Россияның құрама (федеративная) республика болуын қуаттайды» (Сейфуллин, 1988: 59).

С. Сейфуллин мен Р. Дүйсенбаев шығарып тұрған «Тіршілік» газеті арқылы «Жас қазақ» ұйымының көздеген мақсаттарын, идеяларын халыққа тарату шаралары нәтижесінде бұл ұйым Ақмола уезіндегі «Алаш» партиясының ықпалды саяси қарсыласына айналды. Олар Ақмола уезіндегі Кеңес билігін нығайту жолында нақты

іс-шараларды жүзеге асыра отырып, Алаш автономиясына үзілді-кесілді қарсы болғанын мына белгілі құжат дәлелдейді: «Мәскеу, Ұлттар ісі бойынша Халық комиссариаты. Жолдас Сталинге.

Ақмоладан 25-ші сәуір 1918 ж. 1917 ж. желтоқсанда Орынбор қаласында кадеттік алашорда элементтері қазақ халқының туы атынан жамылып екінші съезд ашты. Қазақ кедейлерінің съезді алашорда элементтері талап ететін автономиядан үзілді кесілді бас тартады. Серікбаев» (ҚР ПА. 811 қ. 24 т. 114 іс. 12 п.).

Бұл құжат Ақмола уезіндегі күллі қазақ кедейлерінің тұтынған жолы, ұстанған пікірі емес екендігі анық. Дегенмен «Жас қазақ» ұйымының бағытын нақты айқындап беретін құжат болып табылады.

Ақмола уезіндегі Спасск кен орнында жастардың «Жас жүрек» ұйымы 1917 ж. күзде ашылған. «300 шамалы мүшесі бар бұл ұйым мүше салығынан жиылған ақшаны газет, журнал таратуға, кітап бастырып халыққа әдебиет, жаңа пікір таратуға жұмсамақ» ниетте болған (Сарыарқа, 1917, № 22).

Спасск жастарының «Жас жүрек» ұйымы С. Садуақасовтың дерегі бойынша да, «Жас азамат» газетінің мәліметі бойынша да Алаш жолын тұтынған ұйым болды.

Қызылжар уезінде де қоғамдық істерге араласып, мәдени-ағарту, саяси істер жүргізуде белсенділік танытқан «Талап» атты жастар қауымы болды. Бұл ұйым Қызылжар уездік қазақ ұлттық комитетінің төрағасы Ғалиасқар Қуанышевтің тікелей ұйытқысымен ашылған. Ал, сол уақытта, «...комитет ағзасы болып тұрған Ғ. Қуанышев, А. Рамазанов, Б. Малдыбаев қазақтың ...бірсыпыра жастарының арасында өте ұлтшыл, таза ойлы, дін, дүния жұмысына бірдей көсемдер» болатын (Сарыарқа, 1917, № 22).

Ұйымның төрағасы Б. Малдыбаев болды және ұйымның белді мүшелері ұлттық комитеттің де ағзалары болғандықтан олар тек «Талаптың» мәдени-ағартушылық жұмысымен ғана шектеліп қоймай, әлеумет істерін де сабақтастырып жүргізді. Сондықтан да Қызылжардағы алашшыл жастардың «Жаңа заман» журналын шығару арқылы Алаш идеологиясына қолдау көрсеткендігі күмән тудырмаса керек.

Ақпан революциясынан кейін Көкшетауда ниеттес, пікірлес жастар «Жас ұран», «Білім серіктігі», «Оқығандар» атты ұйымдар ашып, мәдени-ағарту жұмыстарын жолға қою ісінде белсенділік танытқан. Ал, «Білім серіктігі» ұйымы Көкшетаудағы молла, мұғалім жиылысының қаулысына сәйкес Көкшетау қазақтарына оқу жолында қару болу үшін ашылған (Сарыарқа, 1917, № 16).

Атбасарда С. Мешінбаев сынды беделді азаматтың ұйымдастыруымен 1917 жылы «Ынтымақ» атты мәдени-ағартушылық қоғамы жұмыс атқарды. Бұл қоғаммен қатар Атбасарда білім беру жүйесін жетілдіру мақсатында «Қазақтың молла – мұғалімдерінің Одағы» құрылып, оқу ісін ілгерілетуге ат салысқан. Осы аталған жастардың ұйымдары мәдени-ағарту істерімен бірге Атбасар уезінде Земство жүйесін енгізуге қатысты әлеумет істеріне де араласқан (ҚР ПА. 811 қ. 20 т. 52 іс. 1 п.).

Баспасөз бетінде түсіндіру, жөн-жоба көрсету жұмыстары нәтижесінде 1917 жылдың көктем-жаз айларында бір ғана Павлодар қаласында мұғалімдер қауымының белсенділігі арқасында қазақ жастарының үш бірдей: «Ғылым», «Ғылым ұйымы», «Қызмет» атты ұйымдары дүниеге келген (Садвакасов, 1994:

103). «Сарыарқа» газетінің мәліметтеріне жүгінсек, «Ғылым ұйымының» жетекшісі қызметін Нығметолла Күзембаев атқарған және осы ұйымның бастамасымен Павлодарда 1917 жылы қыркүйекте мұғалімдік курс ашылып, қоғамдағы оқу-ағарту ісін алға бастыру жолында жәрдемші болды. «Ғылым» ұйымы да барша мектептерді басқарып, мұғалімдерді сынап қою, оқу бағдарламасын жасау талабында игілікті істер атқарған.

Ауылдарда атқарушы комитеттер ашылса да, Павлодарда уездік қазақ комитетін ашуға революция жеңісінен кейін талпыныс жасалғанымен, оны ұйымдастыру ісі аяғына дейін жеткізілмегендіктен (отарлық әкімшіліктің ықпалының сақталуы, зиялы қауым күшінің шоғырланбауы салдарынан), қазақ комитеті құрылмай қалған еді. Бұл мәселе Өскемен уезіне де тән жағдай болды (Сарыарқа, 1917, № 22).

Сондықтан да бұл ұйымдарға қазақ жұртына қатысты мәдени-ағарту жұмыстарымен қатар қоғамдық-саяси істерді де реттеу жолында салмақты жауапкершілік жүгі артылғанына көз жеткіземіз. Алайда, 1917 жылы желтоқсанда Павлодар уезінде Земство басқармасы енгізілген соң әрі оның құрамына қазақ халқының өкілдерінің кіруі біраз істі жеңілдеткен. Сондай-ақ, Павлодар уезіндегі Баянауылда «Ерік», Екібастұзда «Ұйым» атты жастардың қауымдастығы жұмыс атқарған.

Қарқаралы уезінде мұғалімдер мен оқудағы жастарды біріктірген «Өркен» атты ұйым жұмыс жүргізді. Бұл ұйымның мақсаты мен бағыт-бағдары мына мазмұнда белгіленген: «Оқып жүрген қазақ жастарының ынтымағын біріктіру, оқудағы кедей балаларына жәрдем беру, кітапхана ашу, қазақша газет-журналдарды ел ішінде көп тарату. Халық пайдасына керекті қазақтың ескі сөздерін, мақал, ертегілерін жинап, қазақ әдебиетін көркейтіп, ойын кештерін жасау һәм басқа пайдалы істер» (Сарыарқа, 1917, № 7).

Зайсан уезі бойынша беделді үш ұйым: «Теңдік заманы», «Қазақ жәрдемі» және Көкпектідегі саяси «Бірлік» ұйымдары қоғамдағы қазақ істерін алға бастыруда маңызды рол атқарған. 1917 жылы көктемде Зайсанда құрылған «Теңдік заманы» ұйымын жастар қауымына үлгі ете отырып, Ж. Аймауытов бұл ұйымның алғашқы бетте жүргізген жұмыстары туралы былай дейді: «Зайсан оязының жас жігіттері, қара бұхарасы (800 дей кісі) «Теңдік заманы» деген ұйым жасап теңдік ала бастады. Көзге көрінген бір ісі: Зайсан оязына хан сияқты әмір жүргізген, орыс, қазағын бірдей билеген атақты жемеңгері Ахметжан Шідерин деген қара жүректі ел жұмысына кірістірмей ұстап жаптырып отыр. Міне, ел болса осындай болсын! Жігіт болса осындай болсын!» (Сарыарқа, 1917, № 2). Ал, Зайсан уезінің қазақтарының 7-11 сентябрьде болған съезінің қаулыларына сәйкес, 10 болыс Зайсан қазағы халықты ағартып, ілгері бастыру жолында мақсаты бар Зайсандағы «Қазақ жәрдемі» қауымына қосылсын. Мектеп ісінің кіндігі осы қауым болсын» деп, уездегі оқу-ағарту ісін бір ұйымның құзырына жүктеуді бекіткен (Сарыарқа, 1917, № 7). Бұл деректерден қоғамдық-саяси істерді «Теңдік заманы» өз жауапкершілігіне, ал мәдени-ағарту саласын дамытуды «Қазақ жәрдемі» ұйымы өз міндетіне алғанын көреміз. Зайсан уезіне қарасты «Көкпекті қаласының қазақтары 29 октябрьде (1917 жылы) түгел жиылып, кеңес қылып, енді мына күн санап өзгеріп тұрған заманда бүйтіп жүре беруге болмас, һәм жұрт бұл күйде тұрғанда есеге, теңдікке жетпейтіні анық болған соң, тұрағы Көкпектіде, қызметі 8 болыс қыр мен қала қазақтарына ортақ саяси «Бірлік» атты қазақ ұйымын ашты» – деп, хабарлаған

«Сарыарқа» газетінде (Сарыарқа, 1917, № 22). Саяси «Бірлік» ұйымының Көкпекті аймағында ықпалды билігі бар құрылымға айналғандығын Ә. Бөкейхановтың Алашорда үкіметінің төрағасы ретінде жергілікті жерлердегі барлық беделді қазақ зиялыларына 1918 жылы 24 маусымда Алашорданың бөлімдерін құру және алаш әскерін жасақтау істерін жүргізуді бұйырған телеграммада Көкпектідегі «Бірлік» ұйымының жетекшісі Ж. Сәрсеновтың да аты көрсетілуінен негіздеуге болады (ҚР ПА. 811 қ. 24 т. 114 іс. 12 п.).

Осылайша, барлық жерлерде дерлік жастар ұйымдары құрылып, өздері жасаған жөн-жоба бойынша әр бір ұйым өздігінен алдарына қойған негізгі мақсаты мәдени-ағартушылық бағыт бойынша әр түрлі деңгейде жұмыстарын жүргізе бастады. Міне осы жер-жерлердегі жастар ұйымдарының жұмыстарын, іс-әрекеттерін бір тәртіпке түсіру, жүйеге келтіру, олардың жұмыстарында басшылыққа алатын жоба жасау талабында «...әр жердегі ұйымдар арасында бұл борышын бұрын ұғып, аз қайратымен көсемдік қылатын «Бірлік» ұйымы» болды (Абай, 1918, № 6). «Бірлік» ұйымы (Омбыдағы) басқа ұйымдарға қарағанда тәжірибесі молдау болғандықтан саяси күйдің аласапыранында жетекшілік қызметті өз қолына алып, жалпы қазақ жастарының съезін шақыру ісі жолында батыл әрекеттер жасады. І-жалпы қазақ жастары съезінің шақырылу себебін М. Әуезов былайша айқындайды: «Еркіндік, жұрттық жауы большевик билігі дәуірлеп, жұрттың ақ жолды қамқорын істеп келе жатқан ісінен, көздеп келе жатқан мақсатынан айырып әкеткендігі» (Абай, 1918, № 6).

Съезді шақырудағы мақсат жөнінде «Жас Азамат» газеті де жүгенсіздік, зорлықшылдық заманында ел бастаған ерлеріміз көрініп қызмет істей алмайтын халге кірген соң еңбекшіл момын қырғыз-қазақ елі көп топырдың ортасында аяқ асты болуға айналған соң қырғыз-қазақ жастары бас қосайық деген пікір туып еді. Бұл пікірді туғызған көкті қаптаған қара бұлт большевик дауылы еді» – деп, атап көрсетеді (Жас азамат, 1918, № 11).

Қазақ тарихындағы І жалпықазақ жастар съезі 1918 жылдың 5-13 мамыры аралығында Омбы қаласында болып өтті. Съезге қазақ жастарының әр бір ұйымынан бір-бірден өкіл шақырылып, өкілдерін жіберген ұйым 15 болды. Съезде қаралған мәселелер:

1. Саяси: а) үстіміздегі хал; б) саяси бір ізге түсу;
2. Кооперация: а) пайдалы ұйымдар ашу; б) ұйым курсы ашу;
3. Ұйымдастыру: а) қазақ жастарының жалпы кіндік Кеңесі болу; б) ел арасына ұйымдар ашу; в) кіндік Кеңестің мекемесі болу;
4. Жәрдем үйін ашу,
5. Өнер тарату: а) театр; б) музыка; в) сүгірет өнері; г) өлең-ән; е) музей ашу;
6. Ауыл шаруасы: а) егін; б) мал түзеу;
7. Дәрігерлік: а) адам дәрігерлігі; б) мал дәрігерлігі; в) жұқпалы аурулардың ел арасына таралуына қарсы шаралар іздеу;
8. Оқу оқыту: а) мектеп-школ ашу; б) мұғалімдер курсы ашу һәм бір ізге салу; в) тіл;
9. Әйел мәселесі;
10. Жұмыскерлер туралы.

Жалпы алғанда, қойылған мәселелердің мазмұнына зер салсақ, сол тарихи кезеңдердегі қазақ қоғамының ең өткір, ең зәру мәселелері-тін. Бұл мәселелерді негіздеп жастардың талқысына ұсынған, съезді ұйымдастырған «Бірлік» қауымы Кіндік Кеңесінің съезін шақырушы комиссия мүшелері: Б. Серкебаев, А. Сейдалин, Х. Кемеңгеров, С. Сәдуақасов, Ә. Байділдин, М. Сейітов, Ж. Бабатаев еді (Абай, 1918, № 3). Бұл съезде қызу пікірталас тудырған мәселе, әрине, «сынаптай толқыған заманның кеселінен» туындаған саяси мәселенің болуы әбден заңды болды. Жастар съезіндегі пікірталас туралы С. Сейфуллин: «Съезд мәжілісі қызу өтіпті. Әсіресе, «Алаш-Орда» мәселесін қарағанда, онан соң «Совет үкіметін тану, танымау...» мәселесін қарағанда өте қызу болыпты. Съезде үш түрлі пікір көрініпті. Бірі – «оң», бірі – «сол», бірі – «орта».

Әрине, «Алаш Ордаға» қарсы болған «сол» пікірлі біздің өкілдер: Абдолла Асылбекұлы мен Жанайдар Сәдуақасұлы және Омбыдағы «демократ Советтің» өкілдері – Әбілқайыр Досұлы, Қамза Жүсіпбекұлдары қарсы болғанмен, бұлар азшылық болған.

«Совет үкіметін тану, танымау» мәселесін қарағанда, съезд мәжілісі едәуір қызып айтысқан. Әлгі үш пікір айқын соғысқан. Совет үкіметі жағындағы «сол» (левое) пікірлі Асылбекұлы, Жанайдар Сәдуақасұлы, Әбілқайыр Досұлы, Қамза Жүсіпбекұлы бұлар бір ыңғай. Бұлар әлгі «Алашорда» мәселесін қарағанда «орта» пікіріне «тең ортақ» болған Әбдрахман Байділдаұлы қосылған. Бұларға қарсы «Бірліктің» бастықтары «оң» пікірлі Кемеңгерұлы, Смағұл Сәдуақасұлы, Ғаппас Тоғжанұлы, Сайдалыұлы, Сейітұлдары және басқалар болған» – деп, съезд барысындағы саяси арасалмақ жөнінен мәліметтер бере отырып, баяндайды (Сейфуллин, 1988: 157-158).

Енді бұл съезд қандай нәтижелер берді, соған тоқталатын болсақ оған М. Әуезовтің I жалпы қазақ жастарының съезі туралы съезд тапсырмасы бойынша «Абай» журналында жарияланған «Бірінші жалпы жастар сиезі» және «Жастар ұйымдарына ашық хаты» арқылы баяндауға болады. Семейдегі «Жанар» ұйымының атынан өкіл ретінде қатысқан М. Әуезов I жалпы жастар съезінің қорытындылары туралы: «Омбыда болған жастар съезінің бірінші қараған мәселесі – ұйымдасу. Ұйымдасу турасындағы съездің жасаған жобалары төмендегі:

1. Қазақ-қырғыз жастарының бар ұйымдары біріксін.
2. Бар ұйымдар ортасынан бір Кіндік Комитет сайлансын.
3. Кіндік Комитетке әр бір ұйым өзінің барлық қазынасынан 15 процентін берсін.
4. Бар ұйымдарда бір-ақ программа, бір-ақ ат болсын. Бұған съездің қойған аты «Жас Азамат».
5. «Жас Азамат» атынан газет шықсын.
6. Кіндік Комитетке ұйым басы 300 сомнан ақша берсін».

Одан әрі жастар съезінің ұйымдасу турасында жоғарыдағы қаулыларды неге қабылдаған себебін былайша түсіндіреді: «Әзірге күш құрап, өндіріп іс қылып кеткен еш бір ұйым көрінбейді. Ұйымдардың көзге көрініп, іс қыла алмағандығы бір жерге күш құрап, бір жолға пікір қосылмағандығынан деп білу керек. Тәртіпсіз еңбек еш уақытта істің бірін көркейтпейді». Саяси бір ізге түсу, яғни, Алаш туының астына бірігу және ұйымдасу – Алашшыл жастардың «Жас Азамат» ұйымына бірік-

кенін негіздей келіп, ендігі жұмыс жастар ұйымдарының жауапкершілік сезімі мен ұлттық рухында тұрғанын ашып көрсетіп: «Қазіргі бұл съездің аса қымбатты ісі жастардың пікірін біріктіруге жол салғандығы. Ендігі іс ұйымдардың талабы мен жігерінен күтіледі» деген қорытынды жасайды. Сонымен бірге, «І-жалпы жастар съезі 5 кісілік Кіндік Комитет сайлап кетті. Бұл Комитет Омбы қаласында тұрмақ. Комитетке сайланған адамдар: председатель Троицкідегі «Үміт» ұйымының өкілі Ғазиз Мурзин, жолдасы Г. Досымбекова, екі мүшесі: Әбдрахман Байділдин, Мұратбек Сейітов, секретары Смағұл Садуақасов» (Абай, 1918, № 6).

І жастар съезі нәтижесінде барлық Алаш жолындағы қазақ жастарын бір тәртіппен іс-әрекет жүргізу талабында біріктірілген «Жас Азамат» жастар ұйымының дүниеге келуі және осы жастар қауымдастығының үні «Жас Азамат» газетінің идеологиялық, мәдени-ағарту салаларына жаңа қарқын берді. Жастар съезде көкейкесті мәселелерді күн тәртібіне қоя отырып, оны шешу талабындағы рухани ізденістері қазақ жастарының саяси ой-жүйесінің өскендігін, әрекетшілдігін, ынтымағының артқанын көрсетіп берді.

Қазақ жастарының «Жас Азамат» ұйымының төңірегіне ынтымақтасуы жастар қозғалысының үлкен белесі, жаңа сапалық деңгейге көтерілгенінің айқын дәлелі ретінде қабылдауға тиіспіз. Ал, «Жас Азаматтың» алтын идеалы әулие мақсұты, негізгі жолы – ұлт бостандығы, ұлт теңдігі» еді (Жас Азамат, 1918, 20 шілде¹). Осы «алтын идеалды» баянды ету жолында қазақ жастары өздерінің халық алдындағы, ұлт болашағы үшін жауапкершілігін терең сезінді. Мысалы, «Жас Азамат» ұйымының Кіндік Комитеті «Қырғыз-қазақ жастарына» ашық хат жолдауында: «Толып жатқан ұйымдар, ат шығарғанға мәз болып, жемісті іс істей алмасақ, бір із, бір жобада болмасақ ұлт алдында, тарих алдында не деп жауап береміз?» деген намысқа қайрат берер жолдарды жазады (Жас азамат, 1918, № 11). Ал, «Абай» журналын шығарушы жастар «Ұлтты сүю» атты мақалада: «Ұлты үшін құрбан болуға шыдағандық – ұлтшылдықтың осы күнде ең биік дәрежесі» деп, ұлтшылдықтың бойға сіңуі асыл қасиет екенін естеріне салып, жастарға ұлт қызметінің жолында зор сенім артады: «Оқығандар! Бұл уақыт жан тыныштық іздейтін, қызық қуатын уақыт емес, қызмет қылатын, еңбек сіңіретін уақыт. Ойлаңыздар халық біз үшін емес, біз халық үшін туғамыз. Олай болса, мойнымызда халықтың зор борышы, ауыр жүгі жатыр» (Абай, 1918, № 11).

Халқының алдындағы борышын «Жас Азаматтықтар» нендей қызметімен, қаншалықты дәрежеде орындай алды? деген сұрауға жауап іздейтін болсақ, оған «Жас Азамат» газетінде өздері қысқаша есеп беріп, төмендегідей мәліметтерді жазады: «Әзірге Комитеттің істеген жұмыстары:

1. «Жас Азамат» газетінің аяққа басуына себепкер болды;
2. Земствомен бірігіп Ақмола облысына қараған мұғалім-учительдер съезінің шақырылуына ...күш берді;
3. Омбыда екі айлық һәм екі жылдық курстардың ашылуына себепкер болды;
4. Бұл күнде Кіндік Комитет кітапхана ашуға қам қылып жатыр» (Жас азамат, 1918, № 11).

Бұл «Жас Азамат» ұйымының құрылғаннан кейін 7 айдан соң берілген есебі болатын. Сондай-ақ, бұл ұйымның ең маңызды ісі – «Жас Азамат» газеті арқылы

¹ Сол кезде жарық көрген бұл санның нөмірі көрсетілмеген (авт.).

жастардың саяси санасына үлкен қозғау салғандығы, зор ықпал еткендігінде еді. Ал, «Жас Азаматтықтардың» Алаштық-ұлттық идеяны насихаттаудағы қызметі идеологиялық жұмысқа қосқан зор үлесі есебінде саналады.

Бірақ та біз «Жас Азамат» ұйымының жұмысы бәрі жоғары деңгейде ұйымдас-тырылып, алдына қойған мақсаттары мен міндеттерін толық орындады дегеннен және атқарған істеріне жоғары баға беруден аулақпыз. Ұйымның жұмыс жүргізу барысында объективті-субъективті себептерге байланысты кемшіліктердің орын алғандығын, қолбайлау болып отырған жағдайлардың бәрін «Жас Азамат» газеті сынап, көрсетіп отырады. «Жас Азаматтың» бөлімдері Семейде, Қызылжарда, Павлодарда ашылғанымен, бұл қауымдастық Қазақстанның барлық аймағын қамти алған жоқ және де қалаларда ашылған «Жас Азаматтың» бөлімдерінің Кіндік Комитетпен байланысы өте нашар болғандығын неше мәрте жазды.

Жалпы, «Жас Азамат» ұйымы «әулие мақсұтына» толық жете алмаған қауымдастық болды. Бірақ та бұл ұйымның тарихи маңызы – қазақ жастарына саясаттың әліппесін үйретіп, халыққа пайдалы, игілікті істерді ұйымдастыруда тәжірибесін шыңдады.

Сонымен, қорытындылай келе, жастар ұйымдарының қалыптасу тарихы және осы қалыптасу процесі барысындағы атқарылған істерінің ауқымдылығы қазақ қоғамындағы жастар қозғалысының өрлеуі болды деп баға беруге негіз жасап отыр. Дерек көздерін саралай отырып, Солтүстік-Шығыс аймақта Ақпан революциясынан кейін өрлеу алған қазақ жастары қозғалысын ІІ кезеңге бөліп қарастыруға болады деген қорытындыға келдік.

І кезең: 1917 жылғы көктем – 1918 жылғы мамыр айының аралығын қамтиды. Бұл кезеңге тән сипат – жер-жерлерде жастар ұйымдары ашылып, ұйым ретінде қалыптаса бастады. Негізінен мәдени – ағарту істерімен шұғылданып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Әр бір ұйым өз жұмысын өз мүмкіндігіне икемдеген тәртіп бойынша ұйымдастырды.

ІІ кезең: 1918 жылғы мамыр айында өткен І жалпы қазақ жастарының съезінен кейін «Жас Азамат» Кіндік Комитетінің төңірегіне топтасқан кезеңі. Бұл кезеңге тән сипат – мәдени-ағарту істерімен бірге, жастар ұйымдары саясат, әлеумет істеріне де араласа бастады. Сондай-ақ, алашшыл жастар ұйымдарының тарапынан идеялық бірлікке жетуге, істерін бір тәртіпке үйлестіруге талпыныс жасалды. Сонымен бірге, бұл кезеңде жастар ұйымдарының қауымдастығында 2 айқын бағыт қалыптасып, бірі – алашшыл, екіншісі – большевиктік жолға түсті. Жастар ұйымдарының жетекшілерінің негізгі бөлігі Алашорда үкіметі құрылған соң, соның қызметіне ауысуына байланысты және Колчак диктатурасының режиміне орай жастар қозғалысының өрлеуіне тежеу салынды, яғни, жастар ұйымдарының белсенділігі төмендеді. (1919 жылы ақпанда 22-ші саны шыққан кейін «Жас Азамат» газеті Колчак үкіметінің тарапынан жабылған еді).

Жер-жерлерде ашылып, қызмет атқарған жастар ұйымдарының тарихына тоқтала отырып, қолда бар деректерді талдағанда алашшыл бағыттағы болсын, большевиктік бағыттағы болсын қызмет еткен жастар ұйымдарының ең негізгі мақсаты мына үш арнаға тоғысып жатты:

1. Халықты алдыңғы қатарлы мәдениетті елдердің көшіне ілестіру. Оны жүзеге асыру жолы – оқу-білім тарату, газет-журнал ашу, кітапхана, музей ісін ұйымдастыру, театр өнері мен әдебиетті дамыту т.б.

2. Халықтың ұлттық сана-сезімін ояту, саяси ой-жүйесін дамыту, құқықтық тәрбие беру.

3. Ұлт бостандығы, ұлт теңдігі үшін күрес.

Төңкерісшіл «Жас қазақ», «Демократ оқушы жастар Кеңесі» және т.б. ұйымдар да осындай мақсаттарды негізге алып қызмет атқарды. Бірақ та олар қазақ жұртын көркейтудің бірден бір дұрыс жолы – социалистік бағыттағы большевиктік айқын-дама деп түсінген-ді. Ал, «талас дүния – ғұмыр сифаты» болғандықтан қайсыбір (саяси, қоғамдық) мәселелер бойынша пікір қайшылығының туындауы өмір заңы екені белгілі.

«Жас Азамат» ұйымының төңірегіне біріккен алашшыл жастардың терең ұлтшылдық мақсаттарды көздеуінің объективті себептерін Смағұл Садуақасов былайша негіздейді: «Жас Азамат» мүшелері өздерінің тар шеңбердегі мақсаттарын көздеп, тек ұлттық мақсаттарды ұстанды. Біз оларды осы үшін айыптай аламыз ба? Менің ойымша, айыптай алмаймыз. Заман мен жағдай оларды белгілі бір өлшемде ұлтшылдық көзқарасты ұстануға итермеледі. Адамдар қасқыр заңдарымен өмір сүрді, соғыс жүріп жатты, айнала қоршаған жаулар күтіп тұрды. Егер сен оны өлтірмесең, ол сені өлтірер еді. Егер айналаңдағы жаулар сені құлға айналдыруға немесе жоюға тырсса, онда сен де өз еркіңмен ұлтшылдыққа бейімделер едің. Уақыт адамдарды сақ болуға, әрекет етуге мәжбүр етті. Жүрегінде оты бар, көңілінде адамгершілік бар жігіттер өздерін әрі серіктестерін қорғауға шықты. Сондықтан да оларды ұлтшылдық бойынша айыптау әділетсіздік болар еді. ...Егер сол кезде біз жастардың ұлтшылдықтан ада, бәріне селқос екенін мәлімдесек, онда көрші елдердің жастары бізді ақылынан адасқан деп санар еді» (Садвакасов, 1994: 103-104).

Деректердің көрсетуіне қарағанда, сол тарихи кезеңдегі жастар қозғалысының идеологтары ретінде Ақмола мен Семей облыстарында М. Жұмабаев, Қ. Кемеңгеров, М. Әуезов, Ж. Аймауытовтар танылған және олар ұйымдастырушылық шығармашылық жұмыстарын жүйелі түрде жүргізе отырып, жастардың санасына күшті ықпал еткен. Ал, С. Садуақасов, М. Жұмабаевтың бүкіл қазақ жастарының ойын билеген ақын деп, оны жастардың идеологы ретінде бағалайды (Садвакасов, 1994: 71).

Алашшыл жастар қазақ қоғамының болашақтағы даму жолына қатысты пікірлерінде екі бағыт көрініс береді. Бірі – еуропалық бағытты қолдаушылар, ал екіншісі – шығыстық үлгіні, яғни, «пантүркизм» бағытын жақтаушылар болды. Бұл «Айқап» пен «Қазақ» арасында жүргізілген пікірталастың жастардың санасындағы ізі болса, екіншіден, қазақ оқығандары мен білімді жастардың басым бөлігі Қазан, Уфа, Орынбор, Троицк медреселерінде білім алғандықтан идеялық көзқарастарында, қоғамдық пікірлерінде түрікшілдік және жәдидшілдік тенденцияның көрініс табуымен түсіндіріледі.

Дегенмен жастар қозғалысының жетекшілері баспасөз бетінде еуропалық өркениет бағытын насихаттаған болатын. Бұл орайда М. Әуезов «Пантүркизм» қазақ мәдениетінің жолын өрлетіп, жұрттықтың бойын өсірмейді» (Абай, 1918, № 77) деп, түрікшілерге қарсы пікірін білдірсе, Қ. Кемеңгеров «Бұқарашыл орыс зиялы-

ларының ...жалпы бақыт, махаббатына көтермеші болмай, таза Японияның жолымен жүріп, бірлік берекеден айырылмай ұлтшылдықты сақтау керек» (Жас Азамат, 1918, 20 шілде) деп, большевиктік жолға түскен ұлт зиялыларына қарсы сын айтып, ұлтшылдық бағытқа қолдау білдіреді.

Бұл пікірлерге қарағанда, «Жас Азаматшылар» қазақ қоғамын өркендетудің жолы – ұлттық даму мен әлемдік өркениет құндылықтарын сабақтастыруда деп түсінген.

Ұлт зиялылары қоғамның рухани тұрғыда жаңғыруының негізгі алғышарттарын орнықтыруда мына жұмыстардың іске асуына қол жеткізді:

– Бұл кезеңде қазақ қоғамында қазақ жастарының идеялық тұрғыда ұйымдасуы және қоғамдық-саяси істерге белсене араласуы сапалық тұрғыда жаңа деңгейге көтерілді;

– Қазақ қоғамын ұйымдық-идеялық тұрғыда бірігуіне, топтасуына бағытталған ұйымдастыру шаралары жүзеге асырылды;

– Қазақ қоғамын біріктірудің идеялық негізі анықталып, Алаш – ұлттық-мемлекеттік идеясының халықтың санасынан орын алу үшін идеологиялық жұмыстар атқарылды;

– Идеологиялық бағыттағы жұмыстардың нәтижесінде Алаш партиясы Құрылтай жиылысына сайлауда жеңіске жетті әрі халық Алаш-ұлттық идеясының төңірегіне топтасып, ұлттық автономияның жариялануына негіз қаланды;

– Ұлттық білім беру жүйесін дамыту жолында барлық дерлік ауылдарда бастауыш мектептер ашылып, қалаларда мұғалімдік курстар ұйымдастырылды, оқу бағдарламалары мен оқулықтар жазылды;

– Қазақ ұлтының болашағы – жастардың саяси белсенділігіне қозғау салынып, жастар қозғалысы бастау алды. Мәдени-ағарту істерінің нәтижесінде жастар ұйымдары қоғамдық және саяси ойдың қалыптасуына зор үлес қосты.

Қорытынды

XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы жастар қозғалысы ұлттық жаңғырудың маңызды факторына айналды.

Қазақ жастарының I съезі (1918) қозғалыстың бірігуінің шыңы болды. Дегенмен, 1919 жылы Колчак режимінің қуғын-сүргіні мен көшбасшылар арасындағы идеялық пікір қайшылығы (Алаш және большевик топтары арасындағы) жастар қозғалысының тұтастығы мен еркіндігіне кері әсер етті.

Идеялық қайшылықтарға қарамастан, жастар ұйымдары мына салаларға айтарлықтай үлес қосты:

Білім беру – мектептер, кітапханалар құру және баспа ісі арқылы;

Саяси белсенділік – Алаш партиясының бағдарламасын қолдау және қызметіне белсенді араласу, автономия идеяларын насихаттау;

Ұлттық бірегейлікті қалыптастыру – «Сарыарқа», «Жас Азамат», «Абай» сияқты газет-журналдар шығару мен мәдени-ағартушылық істер арқылы халықты автономия құндылықтары негізінде біріктіру, рухани дамуына ықпал етуді жүзеге асырды.

Деректер мен әдебиеттер

- ҚР ПА. 352 қ. 1 т. (Алматы қ.). 11494 іс. 2 т. 115, 117 п.
ҚР ПА. 811 қ. 24 т. 114 іс. 12 п.
ҚР ПА. 811 қ. 20 т. 52 іс. 1 п.
ҚР ПА. 811 қ. 24 т. 114 іс. 12 п.
Абай. 1918. № 3.
Абай. 1918. № 6.
Абай. 1918. № 11.
Абай. 1918. № 77.
Жас азамат. 1918. № 11.
Жас азамат. 1918. № 12.
Жас Азамат. 1918. 20 шілде.
Сарыарқа. 1917. № 2.
Сарыарқа. 1917. № 7.
Сарыарқа. 1917. № 16.
Сарыарқа. 1917. № 22.
Сарыарқа. 1919. № 68.
Сарыарқа. 1919. № 77.
Әбжанов, 1992 – Әбжанов Х., Әлпейісов Ә. Қазақ интеллигенциясы мен мәдениеті туралы Алматы, 1992. 126 б.
Байтұрсынов, 1991 – Байтұрсынов А. Ақжол. Алматы: Жалын, 1991. 463 б.
Қойгелдиев, 1993 – Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? Алматы: Ана тілі, 1993. 208 б.
Кәкішев, 1976 – Кәкішев Т. Сәкен Сейфуллин. Ғұмырнамалық хикая. Алматы: Жалын, 1976. 320 б.
Нұрпейісов, 1995 – Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек, 1995. 256 б.
Садвакасов, 1994 – Садвакасов С. Избранное. Алматы: СП «Атхан», «Рауан», 1994. 190 с.
Сармурзин, 1990 – Сармурзин А.Г. Крушение Алаш-Орды // О прошлом для будущего. Алма-Ата: Казахстан, 1990. 254 с.
Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу: Роман. Бес томдық шығ. жинағы. Т. 4. Алматы Жазушы, 1988. 448 б. 59 б.

References

- QR PA. 352 q. 1 t. (Almaty q.). 11494 is. 2 t. 115, 117 p. (in Russian)
QR PA. 811 q. 24 t. 114 is. 12 p. (in Russian)
QR PA. 811 q. 20 t. 52 is. 1 p. (in Russian)
QR PA. 811 q. 24 t. 114 is. 12 p. (in Russian)
Abai. 1918. № 3. (in Kazakh)
Abai. 1918. № 6. (in Kazakh)
Abai. 1918. № 11. (in Kazakh)
Abai. 1918. № 77. (in Kazakh)
Jas azamat. 1918. № 11. (in Kazakh)
Jas azamat. 1918. № 12. (in Kazakh)
Jas Azamat. 1918. 20 şilde. (in Kazakh)

- Saryarqa. 1917. № 2. (in Kazakh)
Saryarqa. 1917. № 7. (in Kazakh)
Saryarqa. 1917. № 16. (in Kazakh)
Saryarqa. 1917. № 22. (in Kazakh)
Saryarqa. 1919. № 68. (in Kazakh)
Saryarqa. 1919. № 77. (in Kazakh)
Äbjanov, 1992 – Äbjanov X., Älpeisov Ä. Qazaq inteligensiasy men mädenieti turaly Almaty, 1992. 126 b. (in Kazakh)
Baitürsynov, 1991 – Baitürsynov A. Aqjol. Almaty: Jalyn, 1991. 463 b. (in Kazakh)
Qoigeldiev, 1993 – Qoigeldiev M., Omarbekov T. Tarih tağylymy ne deidi? Almaty: Anattılı, 1993. 208 b. (in Kazakh)
Käkışev, 1976 – Käkışev T. Säken Seifullin. Ğümyrnamalyq hikaia. Almaty: Jalyn, 1976. 320 b. (in Kazakh)
Nürpeisov, 1995 – Nürpeisov K. Alaş häm Alaşorda. Almaty: Atatek, 1995. 256 b. (in Kazakh)
Sadvakasov, 1994 – Sadvakasov S. Izbrannoe. Almaty: SP «Atkhan», «Rauan», 1994. 190 s. (in Russian)
Sarmurzin, 1990 – Sarmurzin A.G. Krushenie Alash-Ordy // O proshlom dlia budushchego. Alma-Ata: Kazakhstan, 1990. 254 s. (in Russian)
Seifullin S. Tar jol, taıǵaq keşu: Roman. Bes tomdyq şyğ. jinaǵy. T. 4. Almaty Jazuşy, 1988. 448 b. 59 b. (in Kazakh)

**Выявление, учет архивными учреждениями
Российской Федерации базы данных и государственных
информационных систем и экспертиза ценности
содержащейся в них информации**

Наталья Александровна Муравьева¹

¹Российский государственный гуманитарный университет, Россия, г. Москва, доцент кафедры архивоведения, кандидат исторических наук, muraveva.na@rggu.ru

Аннотация. В статье подчеркивается возрастающая роль баз данных и информационных систем в государственном управлении при реализации полномочий и функций государственных органов и организаций в Российской Федерации. Затрагивается вопрос организации учета данных информационных ресурсов уполномоченными органами власти при их создании и эксплуатации на федеральном уровне. Перечисляются способы выявления баз данных и информационных систем архивными учреждениями. Характеризуется возможный состав документов оперативного учета информационных ресурсов в организации. Описываются способы организации учета баз данных и информационных систем организации – источника комплектования в архивном учреждении.

Обращается внимание на состав субъектов правоотношений при ведении баз данных и информационных систем и возможность их определения в качестве фондообразователей. Анализируется содержание понятия «ведение» базы данных, информационной системы, закрепленное в нормативных правовых актах.

Рассматриваются особенности применения традиционных критериев экспертизы ценности к информации, содержащейся в базах данных и информационных системах. Особое внимание уделяется трудностям установления «авторства» по отношению к базам данных и информационным системам и определения повторяемости информации. Называются специфические факторы, которые необходимо учитывать при проведении экспертизы ценности информации баз данных и информационных систем.

Ключевые слова: база данных, информационная система, субъекты информационных правоотношений, ведение базы данных/информационной системы, фондообразователь, экспертиза ценности информации базы данных/информационной системы, первичная информация, агрегированная информация

Ресей Федерациясының архив мекемелерінің дерекқорлар мен мемлекеттік ақпараттық жүйелерді анықтауы, есепке алуы және олардың құрамындағы ақпараттың құндылығына сараптама жүргізуі

Наталья Александровна Муравьева¹

¹Ресей мемлекеттік гуманитарлық университеті, Ресей, Мәскеу қ., архивтану кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты, muraveva.na@rggu.ru

Аңдатпа. Мақалада Ресей Федерациясында мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілеттіктері мен функцияларын жүзеге асыру барысында мәліметтер базалары мен ақпараттық жүйелердің маңызы артып келе жатқаны атап өтіледі.

Ақпараттық ресурстарды құру және пайдалану кезінде оларды уәкілетті мемлекеттік органдардың есепке алу мәселесі қарастырылады. Архив мекемелері тарапынан мәліметтер базалары мен ақпараттық жүйелерді анықтау тәсілдері көрсетіледі. Ұйымдағы ақпараттық ресурстардың жедел есеп құжаттарының мүмкін болатын құрамы сипатталады.

Архив мекемесінде толықтыру көзі болып табылатын ұйымдардағы мәліметтер базалары мен ақпараттық жүйелердің есебін ұйымдастыру тәсілдері сипатталады. Мәліметтер базаларын және ақпараттық жүйелерді жүргізу бойынша құқықтық қатынастардың субъектілері құрамы мен оларды қор құрушы ретінде анықтау мүмкіндігіне назар аударылады. Нормативтік құқықтық актілерде бекітілген «мәліметтер базасын, ақпараттық жүйені жүргізу» ұғымының мазмұны талданады.

Мәліметтер базалары мен ақпараттық жүйелердегі ақпаратқа дәстүрлі құндылық сараптау өлшемдерін қолдану ерекшеліктері қарастырылады. Мәліметтер базалары мен ақпараттық жүйелерге қатысты «авторлықты» белгілеу мен ақпараттың қайталануын анықтаудағы қиындықтарға ерекше назар аударылады. Мәліметтер базалары мен ақпараттық жүйелердегі ақпараттың құндылығын сараптау барысында ескерілуі тиіс ерекше факторлар аталады.

Түйін сөздер: деректер қоры, ақпараттық жүйе, ақпараттық құқықтық қатынастар субъектілері, деректер қорын/ақпараттық жүйені жүргізу, қор құрушы, деректер қоры/ақпараттық жүйе ақпаратының құндылығын сараптау, бастапқы ақпарат, жинақталған ақпарат

Identification and registration by the archival institutions of the Russian Federation of databases and state information systems, and the appraisal of the value of the information they contain

Natalya A. Muravyeva¹

¹Russian State University for the Humanities, Russia, Moscow, Lecturer of the Department of Archival Studies, PhD in Historical Sciences, muraveva.na@rggu.ru

Abstract. The article emphasizes the growing role of databases and information systems in public administration in the implementation of the powers and functions of state bodies and organizations in the Russian Federation. The issue of organizing the accounting of these information resources by authorized government bodies during their creation and operation at the federal level is addressed. The methods of identification of databases and information systems by archival institutions are listed. The possible composition of documents for operational accounting of information resources in an organization is characterized. The methods for organizing the accounting of databases and information systems of an organization – a source of acquisition in an archival institution – are described.

Attention is drawn to the composition of subjects of legal relations in the maintenance of databases and information systems and the possibility of defining them as fund creators. The content of the concept of «maintenance» of a database, information system, enshrined in regulatory legal acts, is analyzed.

The article examines the specifics of applying traditional criteria for assessing the value of information contained in databases and information systems. Particular attention is paid to the difficulties of establishing «authorship» in relation to databases and information systems and determining the repeatability of information. Specific factors are named that must be taken into account when conducting an examination of the value of information from databases and information systems.

Keywords: database, information system, subjects of information legal relations, maintenance of a database/information system, fund creator, examination of the value of information of a database/information system, primary information, aggregated information

Введение

